

Мамандандырылған тоқсандық басылым

**2000 жылдан бастап
шығады**


Басшы кітапханасы

**ЖАЗЫЛУ
ИНДЕКСТЕРІ:**
75668 – қазақ тілінде;
75669 – орыс тілінде

Құрылтайшы:
ҚР ИМ Төтенше жағдайлар Комитеті
Азаматтық қорғау республикалық
оқу-әдістемелік орталығы

Редакциялық кеңес:
Е. Н. Мельников
Б. К. Еңсебаев
Б. О. Бұлыбаева
З. А. Ашинова
А.Ө. Нүсіпжанова

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрлігінде 10.04.2012 жылы
№ 12678-Ж тіркелінген



НӨМІРДЕ:

- ♦ Дистанциялық оқыту ережесі...2
- ♦ Республика аумағында 2019 жылдың 9 айындағы болған табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ туралы шолу ақпарат3
- ♦ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 486 қаулысы8
- ♦ «Сұрақ және жауап» - айдары.....25
- ♦ Қаркөшкіні қауіпі.....31
- ♦ Біздің оқырмандарымыздың пікірлері.....41
- ♦ «Азаматтық қорғау бойынша оқу құралы», 1-кітап43

ДИСТАНЦИЯЛЫҚ ОҚИТУ ЕРЕЖЕСІ

Азаматтық қорғау саласында оқудан өткісі келетін тұлға:

1. www.tg-okz.kz сайтына орналастырылған:
 - оқу бағдарламасымен;
 - оқу материалдарымен;
 - оқуға тапсырыс беру формасымен;
 - оқуға арналған шарт жобасымен танысады.
2. Оқу Орталығына дистанциялық оқуға: (kursy@bk.ru, gz_center@mail.ru) электронды поштаға тапсырыс жібереді.
3. Шартта көрсетілген шартпен келіседі және Мемлекеттік сатып алу порталында шарт жасасады.
4. Пошта арқылы Оқу орталығынан Азаматтық қорғау бойынша оқу құралдарын тест сынағы сұрақтарын, сондай-ақ бақылау жұмыстарын алады.
5. Оқу бағдарламасына сәйкес, оқу материалдарын өз бетімен оқып меңгереді. Қажет болған жағдайда оқып жатқан тақырыбы бойынша электронды пошта арқылы жазбаша түрде консультация алады.
6. Бақылау жұмыстары мен тест сынағын тапсыру үшін оқу бөлімімен келісе отырып, өзіне ыңғайлы уақытта онлайн режимінде жеке тест сынағын тапсырады.
7. Азаматтық қорғау саласындағы оның дайындық дәрежесі анықталғаннан кейін Мемлекеттік үлгідегі сертификатты алады (Ескерту: дайындық дәрежесін емтихан алатын комиссия бекітілген әдістеме бойынша анықтайды, бұл жерде қорытынды тест сынағы және бақылау жұмысынан алған бағасы ескеріледі). Жасасқан шарттың шарттарына сәйкес оқуға көрсетілген қызмет ақысы төленеді.

Байланыс телефондары: 8-(705)-301-73-01,
Оқу бөлімі: 8-(727)-394-56-36
Электронды пошта: < gz_center@mail.ru >
Сайт: < www.tg-okz.kz >

тәртіпте соңынан олардың құнын төлейтін болып, жұмылдыру және соғыс жағдайы кезеңінде қорғаныстың мұқтаждықтарына жер телімдерін, ғимараттарды, құрылыстарды, коммуникацияларды, көлік және басқа материалдық құралдарды береді;

7) әскери міндеттілерді брондау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және жүргізеді;

8) жұмылдыру дайындығы бойынша тапсырмаларды орындау үшін арнайы құрылымдардың қызметтерін қамтамасыз етеді және ұйымдастырады. Оларды ұстап тұру үшін шығатын шығындар тиісті ұйымдар мен органдар арқылы мемлекеттік бюджеттен шығарылады.

Тауарларды өндіруге ұйымдарға мемлекеттік тапсырыс, жұмысты орындау және белгілі бір номенклатураның қызметтерін ұсыну, олардың саны мен сапасы, жұмылдыру кезеңінде арнайы құрылымдарды құру, соғыс жағдайы және соғыс кезінде жұмылдыру тапсырысы деп аталады. Ұйымдар соғыс жағдайында және соғыс уақытында жұмылдыру бойынша, мемлекеттік қорғаныс мүддесіндегі мемлекеттік тапсырысты орындаудан бас тартуға қақысы жоқ.

Жұмылдыру тапсырысын орындауға арналған ұйымдардың шараларының мерзімі мен тәртібін, көлемін, мазмұнын анықтайтын құжаттардың жиынтығы ұйымдардың жұмылдыру жоспары деп аталады.

Тыңдаушылардың қойған сұрақтарына жауапты

АҚ РОӘО директорының орынбасары Б.К.Еңсебаев дайындады.

Республика аумағында 2019 жылдың тоғыз айында болған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы шолу АҚПАРАТ



Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметі пультына халықтан 4 960 850 қоңырау келіп түсті.


Мынадай тұрақты әзірлік қамтамасыз етілді:

- өңірлік және жедел құтқару бөлімшілері 3 419 адамды құтқарды, 842 адамды эвакуациялады, 302 зардап шеккенге алғашқы медициналық көмек көрсетті, ТЖ орындарынан 608 адамның денесін шығарды, дабылға 8 134 рет шықты;

- өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі 3 568 адамды құтқарды, 15 290 адамды эвакуациялады, дабыл бойынша 49 111 шақыртуға барды, оның ішінде: 9 931 - өрт, 4 728 - авариялық-құтқару жұмыстары;

32 772 - өрт ретінде есепке алынбайтын жану, 124 - көрінеу жалған шақырту, расталмаған жану фактілері - 1 556;

- «Апаттар медицинасы орталығы» ММ 3 308 зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті, 2 093 адамды құтқарды, 1 418 адамды эвакуациялады, дабылға 3 569 рет шықты жасады, оның ішінде трассалық медициналық-құтқару пункттері 1 136 рет шықты жасады, 1 227 адамды эвакуациялады, 2 295 зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті.



ІІМ қарамағындағы ұйымдар мынадай іс-шаралар өткізді:

- «Қазавиақұтқару» АҚ әуе кемелері іздеу-құтқару жұмыстарына, өрттерді сөндіруге қатысу, жеке құрамды жеткізуге және басқа тапсырыстар бойынша 1 401 ұшу сағатын жасады, оның ішінде санитариялық авиация бағыты бойынша 328 ұшу жасады, 297 адамды тасымалдады.



- «Өрт сөндіруші» АҚ 140 адамды құтқарды және эвакуациялады, 526 рет шықты, соның ішінде 200 өрт сөндіру, 35 авариялық-құтқару жұмыстарын өткізді, 291 жануды жойды.

Мемлекет басшысының бизнеске қысымды төмендету бойынша тапсырмасын іске асыру мақсатында өрт қауіпсіздігі саласында бақылау тек жоғары тәуекел дәрежесіндегі объектілерге қатысты енгізілген және ерекше тәртіпте өткізіледі. Бақылау-профилактикалық қызмет аясында.

33 982 объекті тексерілді, 111 482 бұзушылық анықталды, 15 653 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, соның ішінде 5 389 лауазымды тұлғаға 150,9 млн. теңге сомасында айыппұл салынды.

Халықты оқыту және хабар беру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында 45 660: 4 603 - телевизия арналарында, 10 511 - баспа басылымдарында, 11 812 - радио қондырғыларында, 7 836 - ақпараттық агенттіктер таспаларында, 10 898 - ведомстволық веб-сайттарда сөз сөйленді.


Азаматтық қорғау саласында басшылық құрам мен мамандардың кәсіби дағдыларын жетілдіру мақсатында:

- Көкшетау техникалық институтында - 136 қызметкерге;

- Ақтөбе облысы ТЖД «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ өңірлік оқу орталығында 106 қызметкерге;

- Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында 120 мемлекеттік әкімшілік қызметшіге.

Кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің ТЖ-ға уақтылы ден қоюы және алдын ала қабылданған шараларына қарамастан 2018



Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі бойынша Қазақстан Республикасы аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде ерекше жағдайларда әскери қақтығыстардың нақты басталуы немесе соғыс жағдайын енгізу кезінде азаматтық қорғаныс жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті әскери жағдайды енгізуі кезінде, егер ол бұрын жарияланбаған болса, ішінара немесе жалпы жұмылдыру жарияланады.

1997 жылғы 16 маусымдағы ҚР № 127-І «Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру» Заңына сәйкес, жұмылдыру – бұл, мемлекеттік органдар, ұйымдар, Қарулы күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар, халық, аумақ және Қазақстан Республикасының экономикасын соғыс жағдайы режиміне енгізудің жалпы мемлекеттік шаралар кешені.

Сонымен, АҚ шаралары соғыс жағдайын енгізгеннен кейін жүргізіледі және жұмылдыру шараларымен тығыз байланысты.

Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру бойынша ұйымдардың басшыларының келесідей міндеттері анықталған:

1) жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы және соғыс уақытында, жұмылдыру дайындығы және тапсырыстар мүддесінде жұмылдыру дайындығы үшін, жасаған шарттарды (контракттерді) орындау үшін жеке-дара жауап береді, сондай-ақ белгілеген жұмылдыру органдары жұмысшыларына оларға жүктелген міндеттерін орындау үшін қажетті жағдайлар жасайды;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген, ақылы негізде жұмылдыру қуаты мен жұмылдыру резервтерінің сақталуын және қол тимеуін қамтамасыз етеді;

3) мемлекеттік органдарға өнеркәсіптік, қаржы және қойма мүмкіндіктері бойынша жұмылдыру тапсырысын белгілеу үшін, ақпараттар ұсынады;

4) жасаған шарттарға (контракттерге) сәйкес, тауарларды өндіруге, жұмыстарды орындауға және жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мүдделерінде қызмет көрсетеді;

5) жұмылдыру жариялану кезінде жұмылдыру жоспарына сәйкес өндірісті соғыс жағдайы режиміне ауыстыру үшін шаралар жүргізеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген

Бейбіт уақытта Азаматтық қорғаныстың қорғаныш ғимараттарының инженерлік-техникалық және арнайы жабдықтарының келесі элементтері пайдаланылмайды:

- 1) қорғалған дизельді электростанциясының желдеткіш жүйелері;
- 2) сүзгі-сіңіргіштер;
- 3) алдыңғы сүзгілер;
- 4) көміртегі тотығынан ауаны тазартуға арналған сүзгілер;
- 5) ауаны қалпына келтіру құралы;
- 6) қиыршық ауа салқындатқышы;
- 7) фекалдар жинауға арналған авариялық резервуар.

Желдету үшін пайдаланылмайтын технологиялық саңылаулар, ауа қабылдағыштар мен шығатын саңылаулар жабық және тығыздалған, бөлменің жылу жүйесі өшірілген.

Бейбіт уақытта Азаматтық қорғаныстың қорғаныш ғимараттары ҚР СН2.03-03-2014 және ҚР ӨҚ 2.04-101-2014 «Азаматтық қорғаныстың қорғаныш ғимараттары» талаптарына сәйкес пайдаланылады.

Азаматтық қорғаныстың қорғаныш ғимараттарын қоймаға арналған орын, автомобиль тұрақтары, шеберхана ретінде пайдалну кезінде Үй-жайларды жүктеуге құрылымның болжамды сыйымдылығынан 50% баспана алуды ұсыну негізінде рұқсат етіледі (сақтаулы мүліктен босатпай).

Ғимараттарды мүліктен босату панахананы режимге ауыстыру кезінде 12 сағаттан аспайтын уақыт ішінде жүзеге асырылады. Мүлікті қоймаға қою және орналастыру инженерлік-техникалық жабдықтарға және техникалық бөлмелерге үнемі еркін қол жетімділікті қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады.

№3-сұрақ. Қарағанды облысы Сатпаев қаласы «Қазақмыс Дистрибьюшн» ЖШС электр желілері кәсіпорнының директоры – Маевский Леонид Александровичтан:

Сұрақтың мазмұны: РҚ шараларын ұйымдастыру және өткізу барысында «Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру» тапсырыстары сияқты ұғымдарды жиі кездестіруге болады. Бұл ұғымдардың АҚ шараларымен байланысы қандай?

Жауаптың мазмұны:

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 19-бабына сәйкес,

жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда оқиға саны 3,7%-ға (406 оқиғаға), зардап шеккендердің саны 0,8%-ға (16 адамға), материалдық нұқсан 28,6%-ға (561 млн.теңгеге) көбейгені, бұл ретте қаза болғандар саны 12,9% (65 адамға) азайғаны байқалады.



11 462 табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ және оқиғалар тіркелген, 2 132 адам зардап шеккен, соның ішінде 438 адам қаза болды, материалдық нұқсан 2 520,3 млн.теңгені құрады.

Облыстар бөлігінде қалыптасқан және жалпыланған көрсеткіштер мына ахуалды сипаттайды (2018 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда):

- ТЖ саны мына облыстарда: Атырау 29,3%-ға (93 оқиғаға), Батыс Қазақстан 16,3%-ға (89 оқиғаға), Маңғыстау 8,1%-ға (19 оқиғаға), Алматы 6,3%-ға (85 оқиғаға), Алматы қаласында 21,3%-ға (122 оқиғаға), Нұр-Сұлтан қаласында 3,5%-ға (16 оқиғаға) төмендеді;

- зардап шеккендер саны мына облыстарда: Ақтөбе 55,4%-ға (67 адамға), Қарағанды 19%-ға (16 адамға), Атырау 16,5%-ға (18 адамға), Қостанай 14,3%-ға (14 адамға), Маңғыстау 12,1%-ға (4 адамға), Алматы қаласында 40%-ға (42 адамға) азайды;

- қаза болғандар саны мына облыстарда: Ақтөбе 76,1%-ға (51 адамға), Маңғыстау 60%-ға (9 адамға), Атырау 58,3%-ға (14 адамға), Қарағанды 28,6%-ға (12 адамға), Шығыс Қазақстан 26,9%-ға (18 адамға), Алматы қаласында 33,3%-ға (4 адамға) азайды.

Сонымен бірге басқа өңірлерде:




- ТЖ саны келесі облыстарда: Павлодар 30,6%-ға (194 оқиғаға), Ақмола 17,3%-ға (106 адамға), Ақтөбе 15,7%-ға (98 оқиғаға), Қостанай 15,5%-ға (132 оқиғаға), Қызылорда 11,8%-ға (50 оқиғаға), Шығыс Қазақстан облысында 8,9%-ға (120 оқиғаға) өсті;

- зардап шеккендердің саны мына облыстарда: Қызылорда 2 есеге (90 адамға), Солтүстік Қазақстан облысында 42,3%-ға (22 адамға), Алматы 28,7%-ға (72 адамға), Шығыс Қазақстан 11,9%-ға (24 адамға), Нұр-сұлтан қаласында 37,1%-ға (36 адамға) ұлғайғаны байқалады;

- қаза болғандардың саны мына облыстарда: Қызылорда 2,2 есеге (13 адамға), Қостанай 40%-ға (8 адамға), Солтүстік Қазақстан 28%-ға (7 адамға), Нұр-Сұлтан қаласында 2 есеге (9 адамға) көбейгені байқалады.

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың жалпы ТЖ санынан 88,6%-ды құрады, 10 152 оқиға тіркелді, бұл ретте 1 390 адам зардап шеккен (20,6%-ға ұлғайды), оның ішінде 426 адам қаза болды (13,6%-ға азайды).

Техногендік сипаттағы жағдайлардың негізгі үлесі өндірістік және тұрмыстық өрттерге (97,2%) тиесілі, ағымдағы жылдың тоғыз айында 9 864 өрт болды, 473 адам зардап шеккен (19,1%-ға азайды), оның ішінде 201 адам қаза болды (31,9%-ға азайды), материалдық нұқсан 2 204 млн. теңгені (25,8%-ға өсті) құрады.



«Азаматтық қорғаныс объектілерін құру және пайдалану Ережесін бекіту туралы» № 1357 Қаулысымен регламенттелген.

Осы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, бейбіт уақытта Азаматтық қорғаныстың қорғаныш ғимаратын пайдалану кезінде төмендегілер:

- 1) ғимараттардағы температура режімі;
- 2) атмосфералық жауын-шашындардан және жер үсті суларынан қорғау;
- 3) ғимараттарды бояу мен жөндеу және тіршілікпен қамтамасыз ету жүйелерімен жабдықтау;
- 4) сүзгі сіңіргіштерге дейін және одан кейін орнатылған герметикалық клапандарды жабу және герметизациялау, көміртегі тотығынан ауаны тазартуға арналған сүзгілер және регенерациялау құрылғылары;
- 5) көмекші ғимараттарды, сондай-ақ шаруашылық мақсаттарға пайдаланылмайтын сантораптарды жабу және сүргі салу;
- 6) қысымды сыйымдылықтардағы ауыз суының авариялық запасы және оны 2 тәулік ішінде толық ауыстыратын су ағыны;
- 7) ауыз суына арналған авариялық қысымсыз сыйымдылықтарды таза күйінде ұстап тұру;
- 8) дизельді электростанцияларын консервациялау;
- 9) қорғаныс-герметикалық және герметикалық қақпалар мен есіктерді ашылатын қондырғыларымен;
- 10) инженерлік-техникалық және арнайы жабықтарды, хабарландыру және байланыс құралдарын ұйғарым бойынша пайдалануға дайындау және ақаусыз ұстап тұру;
- 11) таза желдету режімі бойынша ауамен жабдықтау жүйесін пайдалану;
- 12) ғимараттың және оның жекелеген элементтерінің қорғаныс қасиетін сақтау: кіру және авариялық шығу, қорғау-герметикалық және герметикалық есіктер және терезе қақпақтары, жарылысқа қарсы құрылғылар, инженерлік-техникалық жабдықтар;
- 13) объектіні герметизациялау және гидроизоляциялау;
- 14) қолданыстағы нормативтерге сәйкес, өрт сөндірудің техникалық құралдарымен қамтамасыз ету.

Талаптарды әзірлеу кезінде кейбір объектілерді жобалау, салу және пайдалану бойынша отандық және шет елдік нормативтік-әдістемелік материалдар зерттелді және талданды.

ҚР-дің «Азаматтық қорғаныстың қорғаныш ғимараты» СН:

- нормативтік талаптардың мақсаты;
- функциональдық талаптары;
- жұмыс сипатына қойылатын талаптар.

Аталған нормативтік құжаттар жаңасын жобалауға қойылатын талаптарды белгілейді, сондай-ақ осы мақсаттарға белгілентетін жерлерге орналастырылатын өнеркәсіп ғимараттары, қосалқы, тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар мен экономиканың басқа да объектілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында әріректен немесе жоғарырақтан салынған жеке тұрған панаханалар, Азаматтық қорғаныстың кеңейтілетін және қайта құрылатын - панаханалары мен радиацияға қарсы баспаналар.

ҚР-дің СН сәйкес Азаматтық қорғаныстың қорғаныш ғимараты соғыс уақытында паналаушыларды соғыс уақытында әр түрлі қауіпті факторлармен жаппай қырып-жою қаруынан қорғауға арналған және бейбіт уақытта экономика объектілерінің қажетіне және халыққа қызмет көрсету үшін пайдаланылуы қажет.

Панахананы жобалау жаңа жобалаудың немесе қолданыстағы кәсіпорындарды, ғимараттарды және құрылыстарды конструкциялаудың құрамдас бөлігі болуы тиіс. Азаматтық қорғаныстың қорғаныш ғимаратын жобалау кезінде олардың конструкциясы олардың механикалық төзімділігі, белгілі бір құрылыс алаңында функциональдық және пайдалану мүмкіндігі тұрғысынан тұрақтылығы мен сенімділігін ескере отырып қабылданылуы тиіс.

№2-ші сұрақ. Алматы облысы «Қарамай Продакст» ЖШС Талдықорған филиалы директоры Карашев Алмаз Ахмедияровичтен:

Сұрақтың мазмұны: Бейбіт уақытта Азаматтық қорғаныстың қорғаныш ғимаратын пайдаланудың қандай регламенті бар? Бұл тәртіп қандай нормативтік-құқықтық актілермен анықталған?

Жауаптың мазмұны:

Азаматтық қорғаныстың қорғаныш ғимаратын пайдалану тәртібі 2014 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының

Өрт саны мына облыстарда: Атырау 18,9%-ға (46 оқиғаға), Батыс Қазақстан 17,8%-ға (88 оқиғаға), Маңғыстау 10,2%-ға (23 оқиғаға), Алматы 5,9%-ға (69 оқиғаға), Алматы қаласында 19,7%-ға (105 оқиғаға), Нұр-Сұлтан қаласында 4,9%-ға (22 оқиғаға) азайды.

Өрт саны мына облыстарда: Түркістан 44,5%-ға (137 оқиғаға), Павлодар 32,2%-ға (194 оқиғаға), Ақмола 19,6%-ға (114 оқиғаға), Ақтөбе 17,4%-ға

(105 оқиғаға), Қостанай 15,8%-ға (130 оқиғаға), Қызылорда 11%-ға (39 оқиғаға), Шымкент қаласында 27,7%-ға (36 оқиғаға) өскені байқалды.

Өрт туындайтын негізгі объектілер: 63%-ы тұрғын үй секторы, 17,3%-ы көлік құралдары, 5,7%-ы ормандар, 4,8%-ы басқа ашық аумақтар, 3,1%-ы сауда кәсіпорындары, 1,4%-ы өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар, 1,2%-ы әкімшілік-қоғамдық ғимараттар, 0,9%-ы ауыл шаруашылық объектілері.



Өрттің пайда болуының таралған себептері: 40,5%-ы отты абайсыз қолдану, 28,4%-ы электр жабдықтарын техникалық пайдалану және монтаждау қағидаларын бұзу, 10,1%-ы пештерді пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, 6,8%-ы анықталған әдейі өртеу, 3,6%-ы тұрмыстық электр жабдықтарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, 3,1%-ы найзағайдың тікелей соққылары, 2,2%-ы балалардың отпен ойнауы болып табылады.

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар ТЖ жалпы санынан 11,4% құрады, ағымдағы жылдың тоғыз айында 1 310 оқиға тіркелді (17,3%-ға ұлғайды), 742 адам зардап шекті (22,9%-ға азайды), оның ішінде 12 адам қаза тапты (20%-ға көбейді).

"ЖАҒАНДЫҚ ЖӘНЕ ӨНІРЛІК АУҚЫМДАРДАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ҚИМЫЛДАР ЖОСПАРЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 486 қаулысы

2014 жылғы Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 11-бабының 63-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1,2 қосымшасына сәйкес, жағандық және өңірлік ауқымдардағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы оған қол қойған күннен бастап әрекетке енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

«Сұрақ және жауап» - айдары

Ағымдағы жылғы журналдың екінші нөмірінде редакция: АҚ бойынша семинар-тренинг тыңдаушылары үшін Орталық «Ұсыныстар және пікірлер кітабын» ашқанын атап өткен болатын, бұл жерде олардың әрқайсысы АҚ бойынша санаттарға жататын өз ұйымдарында орын алған барлық шешілмеген және өздеріне ауыр соғатын мәселелерді көрсеткен.

Осының алдындағы мақалада біз журнал оқырмандарының назарына АҚ бойынша санатталған объектілер үшін семинар тыңдаушылары берген, азаматтық қорғаныс бойынша үш сұрақты ұсынған болатынбыз. Журналға жазылушылардың және семинар тыңдаушыларының өтініші бойынша редакция «Сұрақ және жауап» - АЙДАРЫН тұрақты негізде жүргізіп отыратын болады.

Журналдың №4 нөміріне АҚ семинары тыңдаушыларының үш жаңа сұрағын ұсынамыз. Сонымен, бұл сұрақтар келесі сипатта және мазмұнда.

№1-сұрақ. Батыс Қазақстан облысы «Қазтрумпром» ЖШС Ө ж ЭҚ, ЕҚ бас маманы – Бибишев Владимир Игоревичтан:

Сұрақтың мазмұны: Қала құрылысын жүзеге асыруды регламенттейтін ережелер мен нормалар, сондай-ақ, инженерлік зерттеулер, сәулет-құрылыс жобалаулары және әр түрлі саладағы құрылыстар. АҚ қорғаныс құрылыстарына арналған СНиП бар ма?

Жауаптың мазмұны:

Иә мұндай СНиП бар. Құжат «ҚР Құрылыс нормасы «Азаматтық қорғаныстың қорғаныш ғимараты» 2.03-03-2014» деп аталады, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және жер ресурстарын басқару комитеті әзірлеген.

ҚР-дің бұл «Азаматтық қорғаныстың қорғаныш ғимараты» құрылыс нормасы Қазақстан Республикасының «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдарының және бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптардың» нормативтік құжаттарының бірі болып табылады және құрылыс саласындағы халықаралық ынтымақтастықта техникалық барьерлерді жоюға бағытталған.

ҚМ – Қазақстан Республикасының қорғаныс министрлігі;
ИДМ – Қазақстан Республикасының инвестиция және даму министрлігі;

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;
ӨМ – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;
СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;
ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;
ҚАӨМ – Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыштық өнеркәсіп министрлігі;

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

ҚМ – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

ЖАО – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) (аумағында төтенше жағдай орын алған) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

ВАМК – Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия;

С+ – төтенше жағдайдың пайда болуы туралы сигнал келіп түскен сәттен басталған уақыт;

+0,30+1 – сигнал түскен сәттен бастап іс-қимылдың басталу уақыты (минут) және іс-қимылдың аяқталу уақыты (сағат).

Ескерту: Азаматтық қорғау саласындғы уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген тиісті құрылым мен осы жоспарды ескере отырып, жаһандық және өңірлік ауқымдардағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдарының ведомстволық жоспарын әзірлеу және бекітуді Орталық атқару органы әзірлейді және ұйымдастырады.

Азаматтық қорғау күштері мен құралдарының есептемелері (соның ішінде Қазақстан Республикасындағы жер сілкінісінің салдарларын жою үшін тартылатын) азаматтық қорғау саласындғы уәкілетті органның жаһандық және өңірлік ауқымдардағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдары жоспарымен белгіленеді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2017 жылғы 16-тамыздағы
№486 Қаулысына
1-қосымша

Жаһандық ауқымдардағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар ЖОСПАРЫ

№ р/с	Шаралар	Жауапты атқару- шылар	Орында- лу мерзімі	Аяқтау нысаны
1	2	3	4	5
1.	Төтенше жағдайлар аймағында алғашқы кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру *	ИМ, ЖАО	С + 0.30+1	Адамдарды, жануарларды және мүлікті құтқару, эвакуациялау
2.	Төтенше жағдайлардың туындау фактісі туралы Президент әкімшілігін, Премьер-Министрдің Канцеляриясын, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесін және Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарын акпараттандыру*	ИМ	С + 0.30	Ақпарат

3.	Халықты қалыптасқан жағдай туралы құлақтандыруды және хабардар етуді ұйымдастыру *	ЖАО, ИМ, АҚДМ	С + 1	Ақпараттарды халыққа жеткізу
4.	Мемлекеттік азаматтық қорғау жүйесінің аумақтық және салалық кіші жүйелерін төтенше жағдай режиміне ауыстыру*	ИМ, ДСМ, ҰЭМ, ИИДМ, ЭМ, АШМ, АҚДМ, ЖАО	С + 1	Орталық атқарушы органдардың бұйрықтары/ ЖАО шешімдері
5.	Ғаламдық масштабтағы төтенше жағдайларды жариялау және төтенше жағдайларды жоюға басшыларды тағайындау туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерінің жобасын дайындау*	ИМ, ЖАО	С + 1	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерінің жобасы
6.	Жедел штабты өрістетуді және қауырт желі телефонының жұмысын ұйымдастыру*	ИМ, ДСМ, ҰЭМ, ИИДМ, ЭМ, АШМ, АҚДМ, ЦДҚАӨМ, Қорғанысмин., ЖАО	С + 1	Жедел штабтың және қауырт желі телефонының жұмысы
7.	Төтенше жағдайлар аймағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету *	ИМ	С + 1	Қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша кешенді шаралар өткізу

31.	Орны толмайтын (жоғалтуларға) шығындарды жерлеу үшін орын дайындауды ұйымдастыру*	ЖАО	Қажет болған жағдайда	Жерлеу орнымен қамтамасыз ету
32.	Мемлекеттік материалдық резервтің және ИМ жедел резервінің материалдық құндылықтарын броньнан шығару *	ИМ, ЦДҚАӨМ, ЖАО	Қажет болған жағдайда	ИМ бұйрығы
33.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен және жергілікті атқару органдарынан ақша бөлу*	МВД, МФ, МИО	Қажет болған жағдайда	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы/ ИМ бұйрығы/ ЖАО қаулысы

** - шаралар су тасу, су басу, орман және дала өрттері, жер сілкінісі, сел жүруі, қарлы бұрқасын және боран туындаған кездерде, қатты әсер ететін улы заттардың және биологиялық қауіпті заттардың төгілуімен болған техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде, эпидемия, эпизоотия және эпифитотия кездерінде өткізіледі;

** - шаралар жер сілкінісі туындаған кездерде өткізіледі.

*** - шаралар қарлы бұрқасын және боран туындаған кездерде жүргізіледі;

**** - шаралар қатты әсер ететін улы заттардың және биологиялық қауіпті заттардың төгілуімен болған техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде жүргізіледі;

***** - шаралар эпидемия туындаған кездерде жүргізіледі;

***** - шаралар эпизоотия туындаған кездерде жүргізіледі;

***** - шаралар эпифитотия туындаған кездерде жүргізіледі.

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИМ – Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі;

АКМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі;

27.	Химиялық, радиациялық және өртке қауіпті объектілердегі, сондай-ақ су айдындары мен бөгендердегі авариялардан болатын зиянға жол бермеу және азайту бойынша іс-шаралар өткізу****	ЖАО, ЭМ, ИДМ, АШМ, ИМ, ҚМ	Ч + 4-6	қауіпті объектілердегі алдын алу іс-шаралары
28.	Авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу үшін авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын, сондай-ақ басқа да тартылатын күштерді төтенше жағдай аймағына көшіру**	ИМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	С + 4-48	төтенше жағдай аймағына көшіру
29.	Төтенше жағдайлардың салдарларын жоюға қоғамдық бірлестіктерді, еріктілерді тартуды ұйымдастыру*	ЖАО, ИМ	Қажет болған жағдайда	Төтенше жағдайлардың салдарларын жоюға қоғамдық бірлестіктердің, еріктілердің қатысуы
30.	Орны толмайтын жоғалтуларға (шығындарға) сот-медициналық сараптама жүргізуді қамтамасыз ету*	ЭМ	Қажет болған жағдайда	Орны толмайтын шығындарды сәйкестендіру

8.	Зардап шегушілерге медициналық және психологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру*	ДСМ, ИМ, ЖАО	С + 1	Зардап шеккен халықтың денсаулығын қалпына келтіру және сақтау
9.	ВАМК мәжілісін өткізу*	т ө р а ғ а , В А М К мүшелері	С + 1-2	ВАМК мәжілісінің хаттамасы
10.	Төтенше жағдай аймағында авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар жүргізу*	ИМ, ЖАО, ДСМ, ИИДМ, ЭМ, АШМ, Қорға нысмин.	С + 2	Авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстар
11.	Орын алған жағдайларды уақтылы және шынайы бұқаралық ақпараттық құралдармен жария ету жөніндегі іс-қимылын үйлестіруді қамтамасыз ету*	АҚДМ, ЖАО	Ч + 2	Бұқаралық ақпараттық құралдармен жария етуді үйлестіру
12.	Инфекциялық және паразитарлық аурулармен санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық шаралар өткізуді ұйымдастыру*	ДСМ, ЖАО	С + 2	Инфекциялық және паразитарлық аурулар, халықтар арасындағы улану ошақтарын оқшаулау
13.	Төтенше жағдайлар аймағында ветеринарлық шаралар жүргізуді ұйымдастыру*	АШМ, ЖАО	Ч + 2	Жануарлар ауруларының туындауының, таралауының алдын алу

14.	Зардап шеккен халықты және төтенше жағдайларды жоюға тартылған күштерді тіршілік қарекетімен қамтамасыз етуді ұйымдастыру*	ЖАО, ИМ, ЭМ, ҰЭМ	С + 2	Адамдардың өмірін сақтап қалу және денсаулығына қолдау көрсету үшін қажетті жағдайлар жасау
15.	Тіршілік қарекетімен қамтамасыз ету жүйесіне кіретін жауапты тұтынушыларды және ерекше маңызды объектілерді үздіксіз қуат көзімен қамтамасыз ету *	ЭМ, ЖАО	С + 3	Қуат көзімен қамтамасыз ету
16.	Төтенше жағдайларды жою кезеңінде сауда қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету *	ҰЭМ, ЖАО	С + 3	Сауда қызметін реттеу
17.	Зардап шеккен халықты темір жол, әуе, өзен және автомобиль көлігімен тасымалдауды қамтамасыз ету*	ИИДМ, ЖАО, ИМ	С + 3	Зардап шеккен халықты қауіпсіз аймаққа жеткізу
18.	Химиялық, радиациялық және өртке қауіпті объектілердегі, сондай-ақ су айдындары мен бөгендердегі авариялардан болатын зиянға жол бермеу және азайту бойынша іс-шаралар өткізу**	ЖАО, ЭМ, ИИДМ, ИМ, АШМ, Қорғанысмин.	С + 4-6	Қауіпті объектілердегі алдын алу шаралары

22.	Инженерлік желілердегі және гидротехникалық құрылыстардағы зақымдануды оқшаулау****	ЖАО, ЭМ, АШМ	С + 2	Зақымдануды оқшаулауды қамтамасыз ету
23.	Зардап шеккен халыққа және төтенше жағдайларды жоюға қатысқан күштерге тіршілікпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру *	ЖАО, ИМ	С + 2	Өмірлерін қорғау және денсаулықтарына қолдау көрсету үшін қажетті жағдайлар жасау
24.	Тіршілік қарекетімен қамтамасыз ету жүйесіне кіретін жауапты тұтынушыларды және ерекше маңызды объектілерді үздіксіз қуат көзімен қамтамасыз ету *	МЭ, МИО	С + 3	Қуат көзімен қамтамасыз ету
25.	Төтенше жағдайларды жою кезеңінде сауда қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету *	Ұ Э М , ЖАО	С + 3	Сауда қызметін реттеу
26.	Зардап шеккен халықты темір жол, әуе, өзен және автомобиль көлігімен тасымалдауды қамтамасыз ету*	ИИДМ, ЖАО, ИМ	С + 3	Зардап шеккен халықты қауіпсіз аймаққа жеткізу

ҚР ИМ Төтенше жағдайлар комитеті

17.	Халықты және тар-тылатын күштердің жеке құрамын эпизоотияның ал-дын алу бойын-ша хабардар етуді ұйымдастыру*****	А Ш М , Ж А О , АКМ	С + 2	Эпизоотияның алдын алу жөніндегі ақпарат
18.	Өсімдіктерді каран-тиндеу бойынша шаралар жүргізуді ұйымдастыру *****	А Ш М , ЖАО	С + 2	Өсімдіктер ауруының та-ралуына жол бермеу
19.	Өсімдіктерге каран-тин режимін енгізумен карантин аймағын белгілеу*****	А Ш М , ЖАО	С + 2	АШМ бұйрығы
20.	Жол ұйымдарының көлік магистраль-дарындағы авариялық-құтқару және ке-зек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуін ұйымдастыру***	ЖАО, ИДМ, ІМ	С+ 2	Көлік магистраль-дарындағы авариялық-құтқару және ке-зек күттірмейтін жұмыстар
21.	Күшті әсер ететін улы және радиоактивті заттармен зақымдану көздерін оқшаулауды және залалсызданды-руды жүргізу****	ЖАО, ИДМ, ҚМ, ЭМ	С + 2	Оқшаулауды және залалсызданды-руды қамтамасыз ету

ҚР ИМ Төтенше жағдайлар комитеті

19.	Авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар жүргізу үшін авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын, сондай-ақ басқа да тартыла-тын күштерді төтенше жағдай аймағына көшіру**	ІМ, облыстар-дың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалала-рының әкімдіктері	С + 4-48	Төтенше жағдай аймағына көшіру
20.	Төтенше жағдайлардың салдар-ларын жоюға қоғамдық бірлестіктерді, еріктілерді тартуды ұйымдастыру*	ЖАО, ІМ	Қажет болған жағдай-да	Төтенше жағдайлар-дың салдар-ларын жоюға қоғамдық бірлестік-тердің, еріктілердің қатысуы
21.	Орны толмай-тын жоғалтуларға (шығындарға) сот-медициналық са-раптама жүргізуді қамтамасыз ету*	ӘМ	Қажет болған жағдай-да	Орны тол-майтын шығындар-ды сәйкес-тендіру
22.	Орны толмай-тын жоғалтуларды (шығындарды) жерлеу үшін орын дайындауды ұйымдастыру*	ЖАО	Қажет болған жағдай-да	Жерлеу орнымен қамтамасыз ету

23.	Көршілес мемлекеттерді, халықаралық ұйымдарды болған жағдайлар туралы ақпараттандыру бойынша шараларды ұйымдастыру*	ИМ, СИМ	Қажет болған жағдайда	Ақпараттар
24.	Қажетті гуманитарлық және басқа көмектерді көрсету туралы шет елдерге және халықаралық ұйымдарға сұрау салуды дайындау*	СИМ, ИМ	Қажет болған жағдайда	Сұрау салуды жіберу
25.	Мемлекеттік материалдық резервтің және ИМ жедел резервінің материалдық құндылықтарын броньнан шығару*	ИМ, ЦДҚАӨМ, ЖАО	Қажет болған жағдайда	ИМ бұйрығы
26.	Қазақстан Республикасы Үкіметі және жергілкті атқару органдары*	ИМ, ҚМ, ЖАО	Қажет болған жағдайда	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы / ИМ бұйрығы / ЖАО қаулысы

* - шаралар су тасу, су басу, орман және дала өрттері, жер сілкінісі туындаған кездерде өткізіледі;

** - шаралар жер сілкінісі туындаған кездерде өткізіледі.

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

12.	Инфекциялық және паразитарлық аурулармен санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық шаралар өткізуді ұйымдастыру*	ДСМ, ЖАО	С + 2	Инфекциялық және паразитарлық аурулар, халықтар арасындағы улану ошақтарын оқшаулау
13.	Эпидемиялық ошақ белгіленген аумақта шектеу шараларын, соның ішінде карантинді жүзеге асыру *****	ДСМ, ЖАО, ИМ	С + 2	Шектеу шараларын жүргізу
14.	Халықты және тартылатын күштердің жеке құрамын инфекциялық және паразиттік аурулардың алдын алу бойынша хабардар етуді ұйымдастыру*****	ДСМ, ЖАО, АҚДМ	С + 2	Инфекциялық және паразиттік аурулардың алдын алу бойынша хабардар ету
15.	Төтенше жағдайлар аймағында ветеринарлық шаралар жүргізуді ұйымдастыру*****	А Ш М , ЖАО	С + 2	Ж а н у а р л а р а у р у л а р ы н ы ң туындауының, таралауының алдын алу
16.	Эпизоотиялық ошақ белгіленген аумаққа шектеу шараларын, соның ішінде карантин орнату*****	ЖАО, АШМ, ИМ	С + 2	ЖАО шешімі

7.	Төтенше жағдайлар аймағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету*	ИМ	C + 1	Қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша кешенді шаралар өткізу
8.	Зардап шегушілерге медициналық және психологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру*	ДСМ, ИМ, ЖАО	C+ 1	Зардап шеккен халықтың денсаулығын қалпына келтіру және сақтау
9.	ВАМК мәжілісін өткізу*	т ө р а ғ а , В А М К мүшелері	C + 1-2	ВАМК мәжілісі хаттамасы
10.	Төтенше жағдай аймағында авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар жүргізу*	ИМ, ЖАО, ДСМ, ИДМ, ЭМ, АШМ, ҚМ	C + 2	Авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар
11.	Бұқаралық ақпарат құралдарының орын алған жағдайларды уақтылы және шынайы жария ету жөніндегі іс-қимылын үйлестіруді қамтамасыз ету*	А К М , ЖАО	C + 2	Бұқаралық ақпарат құралдарын үйлестіру

АКМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі;

ИДМ – Қазақстан Республикасының инвестиция және даму министрлігі;

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

Әділетмин. – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;

Қаржымин. – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;

ҚАӨМ – Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыштық өнеркәсіп министрлігі;

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

ҚМ – Қазақстан Республикасының қорғаныс министрлігі;

ЖАО – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) (аумағында төтенше жағдай орын алған) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

ВАМК – Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия;

C+ – төтенше жағдайдың пайда болуы туралы сигнал келіп түскен сәттен басталған уақыт;

+0,30+1 – сигнал түскен сәттен бастап іс-қимылдың басталу уақыты (минут) және іс-қимылдың аяқталу уақыты (сағат?????)

Ескерту: Азаматтық қорғау саласындғы уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген тиісті құрылым мен осы жоспарды ескере отырып, жаһандық және өңірлік ауқымдардағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдарының ведомстволық жоспарын әзірлеу және бекітуді Орталық атқару органы әзірлейді және ұйымдастырады.

Азаматтық қорғау күштері мен құралдарының есептемелері (соның ішінде Қазақстан Республикасындағы жер сілкінісінің салдарларын жою үшін тартылатын) азаматтық қорғау саласындғы уәкілетті органның жаһандық және өңірлік ауқымдардағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдары жоспарымен белгіленеді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2017 жылғы
16-тамыздағы №486 Қаулысына
2-қосымша

**Өңірлік ауқымдардағы төтенше жағдайларды
жою жөніндегі іс-қимылдар
ЖОСПАРЫ**

№ р/с	Шаралар	Жауапты атқару- шылар	Орын- далу мер- зімі	Аяқтау нысаны
1	2	3	4	5
	Төтенше жағдайлар аймағында алғашқы кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру*	ИМ, ЖАО	С + 0.30+1	Адамдарды, жануарларды және мүлікті құтқару, эвакуациялау
2.	Төтенше жағдайлардың туындау фактісі туралы Президент әкімшілігін, Премьер-Министрдің Канцеляриясын, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесін және Қазақстан Республикасының Мүдделі мемлекеттік органдарын ақпараттандыру*	ИМ	С + 0.30	Ақпарат

3.	Халықты орын алған жағдай туралы құлақтандыруды және хабардар етуді ұйымдастыру*	ЖАО, ИМ, АҚДМ, АКМ	Ч + 1	Ақпаратты халыққа жеткізу
4.	М е м л е к е т т і к азаматтық қорғау жүйесінің аумақтық және салалық кіші жүйелерін төтенше жағдай режиміне ауыстыру*	ИМ, ДСМ, ИДМ, ЭМ, АШМ, АКМ, ЖАО	Ч + 1	Орталық атқару органдарының бұйрықтары/ ЖАО шешімдері
5.	Өңірлік масштабтағы төтенше жағдайларды жариялау және төтенше жағдайларды жоюға басшыларды тағайындау туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерінің жобасын дайындау*	ИМ, ЖАО	С + 1	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерінің жобасы
6.	Жедел штабты өрістетуді және қауырт желі телефонның жұмысын ұйымдастыру*	ИМ, ДСМ, ҰЭМ, ИДМ, ЭМ, АШМ, АКМ, ҚМ, ЖАО	С + 1	Жедел штабтың жұмысы және қауырт желі телефондары